

МАЭК

«МАЭК» ЖШС КОРПОРАТИВТІК БАСЫЛЫМЫ




Жаңа тағайындаулар

2-3



С Днем Конституции РК!

4




10 тамыз – Құрылысшылар күні

8



Дорога в школу

11-12



Спартакиада МАЭК – 2025

12

БАСТЫ НАЗАРДА - ЖЫЛУ МАУСЫМЫ



Ақтауға жұмыс сапарымен келген Премьер-Министрдің кеңесшісі Ералы Тоғжанов бірқатар нысандарды аралады.

«МАЭК» ЖШС-де ағымдағы жұмыс барысы туралы

кәсіпорынның бас директоры Кеңес Орақов баяндады. Кәсіпорын басшысы қазіргі уақытта алдағы 2025-2026 жылу кезеңіне дайындық жұмыстары аясында жөндеу шаралары жүргізіліп жатқанын атап өтті. Жоспарланған жөндеу және жаңарту жұмыстары толық көлемде жүргізіліп, олардың сенімді әрі тиімді жұмысы қамтамасыз етілуде.

Сонымен қатар, Ералы Тоғжанов ЖЭО-2-де болып, №3 турбиналық агрегатта және №13 қазандық агрегатында жүргізіліп жатқан жөндеу жұмыстарымен танысты. Ералы Лұқпанұлы кәсіпорын басшыларына жылу беру маусымын кедергісіз әрі үздіксіз өткізу үшін қажетті дайындық шараларын дер кезінде аяқтауды тапсырды.

главная тема - подготовка к отопительному сезону



В рамках рабочего визита в Актау советник Премьер-Министра РК Ералы Тугжанов посетил ТОО «МАЭК».

На комбинате он ознакомился с текущим ходом работ,

о которых доложил генеральный директор предприятия Кинис Ураков. Глава предприятия отметил, что в настоящее время ведутся ремонтные мероприятия в рамках подготовки к предстоящему отопительному сезону 2025–2026 годов. Плановые и текущие ремонты оборудования выполняются в полном объеме, обеспечивая их надежную и эффективную работу.

Кроме того, Советник Премьер-Министра посетил ТЭЦ-2, где осмотрел ход ремонтных работ на турбоагрегате №3 и котлоагрегате №13. По итогам визита Ералы Лукпанович дал ряд поручений руководству предприятия и подчеркнул необходимость своевременного начала и бесперебойного проведения отопительного сезона.

Жаңа тағайындаулар



«МАЭК» ЖШС Бас директорының Өндірістік және БН-350 РҚ жөніндегі орынбасары лауазымына бұрын Пайдалану департаментінің директоры болып қызмет атқарған Ерболат Ибрагимов тағайындалды.

Ерболат Бердіханұлы – электр энергетикасы саласындағы жоғары білімі бар кәсіби маман. Ол еңбек жолын комбинаттың ЖЭО-2 бөлімшесіндегі Қазандық-турбиналық цехта 4-разрядты аккумуляторшы ретінде бастап, Пайдалану департаментінің директоры қызметіне дейін көтерілді.

Бас директор Кеңес Орақов оның жаңа қызметінде кәсіпорынды дамытуға зор үлес қосатынына сенім білдіріп, өндіріс жұмысына қатысты бірқатар маңызды міндеттер жүктеді.

Өз кезегінде Ерболат Ибрагимов өзінің білімі мен тәжірибесін кәсіпорынның өркендеуі мен жаңғыруына арнайтынын атап өтті.

Пайдалану департаментінің жаңа жетекшісі болып

бұрын директордың орынбасары қызметін атқарған Владимир Васильев тағайындалды.

28 тамызда «МАЭК» ЖШС бас директорының экономика және қаржы жөніндегі орынбасары болып бұған дейін Қазынашылық департаментінің директоры қызметін атқарған Берген Алма Саматқызы тағайындалды. Ол кәсіпорында қызмет еткен жылдары өзін тәжірибелі және жауапты басшы ретінде көрсетті.

Бас директор жаңа орынбасардың алдында кәсіби көзқарас пен тиімді шешімдерді талап ететін маңызды міндеттер тұрғанын атап өтті.

Алма Саматқызы жауапты қызмет ұсынып, сенім білдіргені үшін кәсіпорын басшысына ризалығын жеткізді. Сонымен қатар, жаңа басшы кәсіби тәжірибесі мен білімін және күш-жігерін «МАЭК» ЖШС-нің одан әрі дамуына жұмсайтынын жеткізді.

Сондай-ақ, Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау қызметінің жаңа басшысы болып кәсіпорындағы білікті мамандардың бірі Сәбит Мадиев тағайындалды.



НОВЫЕ НАЗНАЧЕНИЯ

На должность заместителя генерального директора ТОО «МАЭК» по производству и РУ БН-350 назначен Ерболат Ибрагимов, ранее занимавший пост директора Департамента по эксплуатации.

Ерболат Бердыханович — профессионал с высшим образованием в области электроэнергетики. Свою трудовую деятельность он начал аккумуляторщиком 4-го разряда в котлотурбинном цехе на ТЭЦ-2 и поднялся до должности директора Департамента по эксплуатации.

Генеральный директор Кинис Ураков выразил уверенность, что на новой должности он внесёт значительный вклад в развитие предприятия, и поручил ему ряд ключевых задач, связанных с производственной деятельностью.

В свою очередь, Ерболат Ибрагимов поблагодарил руководство за оказанное доверие и отметил, что намерен направить свои знания и опыт на развитие и модернизацию предприятия.

Новым руководителем Департамента по эксплуатации стал Владимир Васильев, имеющий опыт работы заместителем директора департамента.

28 августа заместителем генерального директора по экономике и финансам ТОО «МАЭК» назначена Берген Алма Саматқызы, ранее занимавшая должность директора департамента казначейства. Более десяти лет она работает на предприятии и зарекомендовала себя как опытный и ответственный руководитель.

Генеральный директор подчеркнул, что перед новым заместителем стоят серьёзные задачи, требующие

профессионального подхода и эффективных решений.

Алма Саматқызы поблагодарила главу комбината за оказанное доверие и подчеркнула, что направит свой профессиональный опыт, знания и усилия на дальнейшее развитие ТОО «МАЭК».

Также, был представлен новый руководитель Службы профилактики, безопасности и охраны труда, им стал Сабит Мадыев.



ЖЕМІСТІ ЕҢБЕК - ЖОҒАРЫ МАРАПАТ



15 тамыз күні Маңғыстау облысының әкімі Нұрдаулет Қилыбай ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жарлығына сәйкес өңірдің дамуына үлес қосқан азаматтарға мемлекеттік наградалар табыстады.

«Құрмет» орденімен –ДӨЖӨЖСЖЗ жөндеу цехы бастығының орынбасары Вадим Джиембетов марапатталды.

ІІІ дәрежелі «Еңбек Даңқы» ордені –ДӨЖӨЖСЖЗ жөндеуші-слесарі Мұратбек Оразовқа берілді.

«Ерен еңбегі үшін» медалі –ДӨЖӨЖСЖЗ апаттық-қалпына келтіру жұмыстары бойынша слесарь Берік Туландиевке табысталды.

Аймақ басшысы марапат иелерін құттықтап, ел дамуы мен өңір өркендеуіне қосқан еңбектерін ерекше атап өтті. Салтанатты рәсімге «МАЭК» ЖШС бас директоры Кеңес Орақов та қатысып, әріптестерін құттықтады.

ВЫСОКАЯ НАГРАДА ЗА ТРУД

15 августа аким Мангистауской области Нурдаулет Килыбай в соответствии с Указом Президента РК Касым-Жомарта Токаева вручил государственные награды гражданам, внесшим значительный вклад в развитие региона.

Орденом «Құрмет» награждён заместитель начальника цеха по ремонту ЗПДиПТВС Вадим Джиембетов.

Орден ІІІ степени «Еңбек Даңқы» вручён слесарю-

ремонтнику ЗПДиПТВС Муратбеку Оразову. Медаль «Ерен еңбегі үшін» получил слесарь аварийно-восстановительных работ ЗПДиПТВС Берик Туландиев.

Глава региона поздравил награждённых, особо отметив их вклад в развитие страны и области. В торжественной церемонии также принял участие генеральный директор ТОО «МАЭК» Кинис Ураков, который поздравил своих коллег.



ТАРИХИ МЕРЕКЕ



30 тамызда Қазақстан Республикасының Конституциясына 30 жыл толды. Осыдан үш онжылдық бұрын бүкілхалықтық референдум арқылы қабылданған бұл құжат еліміздің басты заңына айналып, азаматтардың құқықтары мен қоғамның негізгі құндылықтарын айқындады. Конституцияның арқасында елде тұрақтылық, бейбітшілік пен қоғамдық келісім нығайды.

Мереке қарсаңында «МАЭК» ЖШС-де кәсіпорын жұмысшыларына арналған салтанатты марапаттау рәсімі өтті.

Іс-шара барысында Бас директордың корпоративтік

және әлеуметтік мәселелер жөніндегі орынбасары Ерқанат Ибадуллаев Маңғыстау облысы әкімінің және бас директордың атынан ерекше еңбегімен көзге түскен қызметкерлерге Алғыс хаттар табыстады. Ол марапат иелеріне адалдығы мен кәсібилігі үшін алғыс білдірді.

– Сіздер өздеріңізді жауапты әрі білікті мамандар ретінде көрсете білдіңіздер. Ұжымда жоғары еңбек мәдениетін қалыптастырып, жас мамандарға үлгі болдыңыздар. Кәсіпорынға сіңірген еңбектеріңізді бағалап, тарихи мерекеде марапат ұсынғанды жөн көрдік. Ел игілігі жолындағы қызметіңізге табыс тілеймін, – деді Ерқанат Ибадуллаев.

Салтанатты рәсім соңында қызметкерлер комбинат басшылығына өз еңбектерін бағалағаны үшін ризашылықтарын білдіріп, алдағы уақытта да кәсіпорынның дамуына үлес қосуға дайын екендерін жеткізді.

Барша әріптестерімізді Қазақстан Республикасының Конституциясы күнімен шын жүректен құттықтаймыз! Сіздерге зор денсаулық, отбасы амандығы және ел игілігі жолындағы еңбектеріңізге табыс тілейміз!

ПРИЗНАНИЕ ТРУДА В ДЕНЬ КОНСТИТУЦИИ

30 августа исполнилось 30 лет Конституции Республики Казахстан. Принятая три десятилетия назад на всенародном референдуме, она стала историческим событием, закрепившим права граждан и основные ценности общества. Благодаря Конституции в стране укрепились стабильность, мир и согласие.

В преддверии юбилейной даты в ТОО «МАЭК» состоялось торжественное награждение работников предприятия.

В рамках мероприятия заместитель генерального директора по корпоративным и социальным вопросам Ерқанат Ибадуллаев вручил Благодарственные письма от имени акима Мангистауской области и генерального директора наиболее отличившимся работникам предприятия. Он выразил признательность

сотрудникам за преданность делу и профессионализм.

«Вы зарекомендовали себя как ответственные и инициативные специалисты, демонстрирующие высокое качество труда и верность корпоративным ценностям. Ваши достижения являются достойным примером мастерства и командного духа», – отметил Ерқанат Ибадуллаев.

В завершение торжественного мероприятия коллеги поблагодарили руководство комбината за признание и оценку их труда, отметив, что и в дальнейшем будут прилагать усилия для развития предприятия.

Поздравляем всех работников комбината с Днем Конституции Республики Казахстан! Желаем крепкого здоровья, благополучия и новых профессиональных успехов на благо страны и родного предприятия.



ЗАҢ МЕН ТӘРТІП

«Заң мен тәртіп» қағидаты аясында және Қазақстан Республикасының Конституциясының 30 жылдығына орай Ақтау қаласының прокуратурасы қала прокурорының орынбасары Берік Ходжаевтың басшылығымен «МАЭК» ЖШС-де Ш. Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университетінің «Құқықтану» кафедрасының доценті, заң ғылымдарының кандидаты Серікқали Күнтебайұлы Әлібековтің дәрісі ұйымдастырылды.

Кездесу барысында «Еңбек дауларын алдын алу және конституциялық құқықтарды қорғау» тақырыбы талқыланды. Дәріс қатысушыларға еңбек қатынастары саласындағы өз құқықтары мен міндеттерін жақсырақ

түсінуге, сондай-ақ құқықтық сауаттылықты арттыруға мүмкіндік берді.



ЗАКОН И ПОРЯДОК

В рамках принципа «Закон и порядок» и к 30-летию Конституции Республики Казахстан прокуратура города Актау в лице заместителя прокурора Берика Ходжаева совместно с доцентом кафедры «Правоведение» Каспийского университета технологий и инжиниринга им. Ш. Есенова, кандидатом юридических наук Серыкқали Кунтебайұлы Алибековым, организовала лекцию для работников ТОО «МАЭК».

В ходе встречи была рассмотрена тема «Предотвращение трудовых споров и защита конституционных прав». Лекция позволила участникам лучше понять свои права и обязанности в

сфере трудовых отношений, а также повысить уровень правовой грамотности.



АДАЛ ҚЫЗМЕТ - АБЫРОЙЛЫ МІНДЕТ



Кәсіпорынның сенімді әрі тұрақты жұмысы – ең алдымен, ондағы мамандардың кәсібилігі мен тәжірибесіне байланысты. Осы ретте, құрылысшылардың қызметі де ерекше орын алады. Инфрақұрылымның сенімділігі және бөлімшелердің үздіксіз қызметі олардың жұмысының сапасына байланысты. Өндірістік кәсіпорындағы құрылыс-жөндеу жұмыстарының маңызы туралы біз Жөндеу-құрылыс жұмыстары басқармасының бастығы Ермек Жәңгірханұлы Сүлейменовпен әңгімелестік.

- Ермек Жәңгірханұлы, сіздің құрылыс саласындағы еңбек жолыңыз қалай басталды және осы бағытты таңдауға не әсер етті?

Мен Маңғыстау облысы (Қазіргі Қаракия ауданы Құрық ауылы) Ералиев ауылында дүниеге келдім. 2001 жылы Ақтау қаласында орта мектепті бітіріп, Ш.Есенов атындағы Ақтау мемлекеттік университетіне «Жылу және атом электр станцияларының құрылысы» мамандығы бойынша оқуға түстім. Еңбек жолымды МАЭК-те Жөндеу-құрылыс цехының 4-разрядты ағаш ұстасы болып бастадым. Уақыт өте келе осы учаскенің шебері, одан кейін өндіріс бөлімінің бастығы болдым. Мұның бәрі қолмен жұмыс істеуге деген қарапайым қызығушылықтан басталды және бұл қызығушылық біртіндеп мамандыққа айналды. Құрылыс саласы мені әрдайым қызықтырды, өйткені мұнда сіз өз еңбегіңіздің нақты нәтижесін көре аласыз.

- Сіз өзіңіздің негізгі кәсіби принциптеріңізбен бөлісе аласыз ба?

Әрине. Құрылыс бір адаммен бітетін шаруа емес, бұл топтық жұмыс. Әрі жеңіл, оңай кәсіп емес. Құрылысшылардың маңдай терін төгіп жүріп еңбек ететіні бәрімізге аян. Сондықтан, бізде мықты жігіттер, нағыз азаматтар қызмет етеді дер едім. Біздің мамандар үшін басты талаптар – жауапкершілік, сапа және саладағы жаңалықтармен таныс болып, үнемі білімді

жетілдіріп отыру, ұжыммен «бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығарып» еңбек ету.

- Жұмысты бағалау кезінде сіз үшін қандай көрсеткіштер маңызды?

Жұмысты бағалау кезінде мен үшін бірқатар маңызды көрсеткіштер бар. Ең алдымен, бұл – тапсырмаларды уақтылы әрі сапалы орындау. Әрбір жұмыс нақты белгіленген мерзімде аяқталып, сапа талаптарына толық сәйкес келуі, тапсырыс берушілердің жұмысымызға көңілі толып, қанағаттануы тиіс. Сонымен қатар, жұмыс барысында төтенше жағдайларды болдырмау және қауіпсіздік талаптарын сақтау – басты назарда. Бұл тек жеке қызметкердің емес, бүкіл ұжымның жауапкершілігіне жатады. Ұжым ішіндегі тәртіп, ынтымақтастық және қызметкерлердің жоғары мотивациясы – сәтті жұмыстың кепілі. Сонымен қатар, әріптестер арасындағы өзара құрмет пен қолдау ортақ мақсатқа жетуге көмектеседі. Әр қызметкер өз міндетін дұрыс түсініп, ұжымдағы серіктестерінің жұмысын бағалағанда ғана нақты командалық жетістікке қол жеткізуге болады.

- Қазіргі кезде сіздің бөлімшенің жұмысын жандандыру үшін қандай міндеттерді жүзеге асыру қажет деп ойлайсыз?

Меніңше, өндіріс тиімділігін арттыру, технологияларды жаңарту, кадрлық әлеуетті нығайту, еңбек қорғауды күшейту және Тапсырыс берушілермен, мердігерлермен жұмысты дұрыс жүргізу негізгі бағыттар болуы тиіс. Мұның бәрі кәсіпорынның тұрақты дамуы және қалыпты жұмысын қамтамасыз ету үшін қажет.

- Сізде жиі кездесетін қиындықтар қандай?

Басты қиындық деп, кейде қысқа мерзім ішінде көлемді жөндеу жұмыстарын атқаратынымызды айтсам болады. Құрылысшылар жұмыстарын көбінесе шектеулі уақытта, тез әрі сапалы атқаруға тиісті болады. Мұндай жағдайларда ресурстарды жеткілікті бөлу, атқарылатын жұмыстар ретіне мән беру, ең бастысы уақыт күттірмейтін жұмыстардың нәтижелі аяқталуы үшін жұмысшылардың жақсы көңіл-күйде болуын қадағалау қажет.

Сондай-ақ, жоспарлы жұмыстарға қажетті материалдардың кешіктіріліп жеткізілуі, кейде ауа райының жайсыз болуы сияқты себептер кедергі болады. Мұндай жағдайларда тапсырыс берушімен үнемі байланыста болып, жұмысты ойдағыдай аяқтаудың басқаша тиімді жолдарын қарастыруға тура келеді.

- Жас мамандарға айтар қандай кеңестеріңіз бар?

Мен жастарға қызметті қарапайым жұмыскерліктен бастап, тәжірибе жинақта дер едім. Аға буын мамандардан көбірек үйренуге және олардан білмегендеріңді сұрауға қысылмағандарың жөн. Ұжымдағы әріптестеріңнің еңбегіне құрметпен қарап, ұйымшылдықпен, бірлесіп еңбек етіңіз, сонымен қатар, білімінді жетілдіріп, үнемі дамуға ұмтылғандарың дұрыс. Сонда сіздердің әр қадамыңыз сәтті болатыны сөзсіз.

- Құрылыс-жөндеу басқармасының жұмысын жандандыру үшін алға қойған қандай мақсаттарыңыз бар?

Мен үшін ең бастысы біз үйлесімді, сапалы және уақытылы жұмыс істеуіміз керек. Ол үшін біз заманауи технологияларды қолданып, жаңа нәрселерді үйренуіміз, командамызды нығайтуымыз қажет. Жөндеу және құрылыс басқармасы кәсіпорынның дамуына үлес қосып, өндірістің сенімді әрі қауіпсіз қызметін қамтамасыз етуге атсалысатын болады. Мен өзім бөлімшенің жетекшісі және маман ретінде дамуды жалғастыруды жоспарлап отырмын.

- Рахмет, Ермек! Бізбен әңгімелесуге келісім беріп, уақыт бөлгеніңіз үшін ризалығымызды білдіреміз! Сіздің ұжымдағы әріптестерімізге және сізге табысты еңбек, сәттіліктер тілейміз!

СЕКРЕТ НАДЕЖНОСТИ - В РУКАХ СТРОИТЕЛЕЙ

Надежность предприятия — это результат не только техники, но и профессионализма людей. Работа строителей занимает особое место: от качества и своевременности их труда зависит надежность инфраструктуры и бесперебойная деятельность всех подразделений. Именно строители создают основу, на которой держится производство и развивается. Мы побеседовали с начальником Управления ремонтно-строительных работ Ермеком Жангирханулы Сулейменовым, который поделился своим опытом, принципами руководства и взглядом на развитие отрасли.

— Ермек Жангирханулы, как начался ваш путь в ремонтно-строительной сфере и что повлияло на выбор этого направления?

Я родился в селе Ералиев Мангистауской области (ныне Курык Каракиянского района). В 2001 году окончил среднюю школу г. Актау и поступил в Актауский государственный университет имени Ш. Есенова на специальность «Строительство тепловых и атомных электростанций». Трудовой путь начал на МАЭК, где пришёл в ремонтно-строительный цех плотником 4-го разряда. Со временем стал мастером участка, затем начальником производственного отдела. Всё началось с простого интереса к работе руками, и он постепенно перерос в профессию. Строительство всегда привлекало меня тем, что можно видеть осязаемый результат труда.

— Можете ли вы поделиться своими основными профессиональными принципами?

Конечно. Для меня это: качество, честность, постоянное обучение, ответственность и командная работа. Эти принципы помогают не только строить объекты, но и выстраивать доверие и эффективные

отношения в коллективе.

— Какие показатели для вас являются ключевыми при оценке успешности работы?

Для меня ключевыми показателями успешности работы являются своевременное и качественное выполнение задач, минимизация аварийных ситуаций, дисциплина в коллективе, рациональное использование ресурсов и удовлетворенность заказчиков. Результат всегда важнее формальностей. Я считаю, что успех возможен там, где ценятся профессионализм, честность, взаимопомощь и уважение к труду каждого. Когда каждый понимает свою задачу и уважает труд коллег, там достигается настоящий командный результат.

— Какие приоритетные задачи стоят перед подразделением сейчас?

Основные направления: повышение эффективности производства, обновление технологий, укрепление кадрового потенциала, усиление охраны труда и работа с заказчиками и подрядчиками. Все это необходимо для того, чтобы предприятие стабильно функционировало и развивалось.

— С какими трудностями вам чаще всего приходится сталкиваться?

Главная сложность — сжатые сроки при высоких требованиях. Строителям часто приходится работать в условиях ограниченного времени и высоких ожиданий. В таких ситуациях важно правильно расставлять приоритеты, разумно распределять ресурсы и поддерживать работников в тонусе.

Также бывают непредвиденные ситуации — задержки поставок, изменения в проекте, погодные условия. Здесь важны опыт, гибкость в принятии

решений и постоянная коммуникация с заказчиком.

— *Что бы вы посоветовали молодым специалистам?*

Мой главный совет - не бояться начинать с малого, учиться у практиков, задавать вопросы и ценить детали. Обязательно держать слово, уважать труд коллег и постоянно развиваться. Тогда успех неизбежен.

— *Каким вы видите развитие УРСР в будущем?*

Главное для меня, чтобы мы работали слаженно, качественно и в срок. Для этого будем использовать современные технологии, учиться новому и укреплять нашу команду. Я хочу, чтобы управление ремонтно-строительных работ было надежным, сильным и стало примером для других. Сам же планирую продолжать развиваться как руководитель

и специалист.

- Спасибо, Ермек, за открытый диалог. Удачи в работе вашему дружному коллективу!



ҚҰРЫЛЫСШЫЛАР МЕРЕКЕСІ

Кәсіби мереке қарсаңында кәсіпорынның Жөндеу-құрылыс цехының бір топ қызметкері лайықты марапатқа ие болды. «МАЭК» ЖШС бас директорының корпоративтік және әлеуметтік мәселелер жөніндегі орынбасары Ерқанат Ибадуллаев мамандарды мерекемен құттықтап, кәсіби шеберлігі, адал қызметі үшін Алғыс хаттар табыстады.

Марапатталғандар қатарында тас қалаушы Шыйықбай Халамединов, сылақшы Хамит Отузов, шатыр жабушы Абай Фермебаев, тракторшы Алик Тахыров бар.

Жөндеу-құрылыс цехының қызметкерлері өндірістік нысандарды жөндеу, жаңғырту жұмыстарын жүргізіп, комбинаттың тұрақты жұмысына зор үлес қосып келеді.



С ДНЕМ СТРОИТЕЛЯ!




В преддверии празднования Дня строителя, который в этом году отмечался 10 августа группа сотрудников Управления ремонтно-строительных работ была

удостоена заслуженных наград. Заместитель генерального директора ТОО «МАЭК» по корпоративным и социальным вопросам Ерқанат Ибадуллаев поздравил специалистов с праздником и вручил Благодарственные письма за профессиональное мастерство и добросовестный труд.

Среди награждённых — каменщик Шыйықбай Халамединов, штукатур Хамит Отузов, кровельщик Абай Фермебаев, тракторист Алик Тахыров.

Сотрудники ремонтно-строительного цеха проводят работы по ремонту и модернизации производственных объектов, внося значительный вклад в стабильную работу комбината.

МАҚТАУЛЫ МАМАН



Кез келген ірі кәсіпорында өз ісін бес саусақтай білетін, өндірістің сенімді тірегіне айналған жандар болады. МАЭК-тегі осындай тұлғалардың бірі - Болатбек Алуадинұлы Саденов.

Болатбек Алуадинұлы бастапқыда училище оқып, кәсіптік білім алды. 2002 жылы ол кәсіпорындағы алғашқы еңбек жолын Жөндеу зауытының №4 жөндеу-механикалық цехында 3-разрядты токарь қызметінен

бастады. Үздіксіз ізденіс пен кәсіби дамудың арқасында бүгінгі күні оның шеберлігі 7-разрядты токарь деңгейіне дейін көтерілді. 2004 жылы ол екінші мамандықты игеріп, жан-жақты техникалық маман ретінде қалыптасты. Осы жылдар ішінде ол бірнеше рет шұғыл және күрделі жөндеу жұмыстарына қатысып, өндірістің тоқтап қалмауына үлкен үлес қосты. Мұндай жағдайларда Болатбек Алуадинұлы тек техникалық біліктілігін ғана емес, сонымен қатар жылдам шешім қабылдап, әріптестерін ортақ іске тез жұмылдырып, ақауларды уақыт өткізбей жөндеуді жүзеге асырады.

Ұжымда әріптестері оны ашықтығы, адалдығы, адамгершілігі мен кеңпейілдігі үшін ерекше бағалайды. Болатбек Алуадинұлы өзінің сабырлы болмысымен жастарға табанды, жинақы, сенімді болуды үйретіп жүрген аға буын мамандардың бірі.

Оның көп жылғы адал еңбегі мен кәсіпорынға деген адалдығы лайықты бағасын алды. 2017 жылы «Комбинаттың еңбек сіңірген қызметкері», ал 2023 жылы «Комбинаттың еңбек ардагері» атақтарымен марапатталды. Бұл марапаттар – маманның тынымсыз еңбегіне берілген лайықты құрмет.

Бүгінде Болатбек Саденов - нағыз кәсіби шебер, өндірістің алдыңғы шебінде еңбек етіп жүрген майталман маман. Оның бүгінгі жоғары дәрежелі шеберлік деңгейі - жылдар бойғы табандылықтың, өз ісіне деген сүйіспеншілік пен адалдықтың айқын дәлелі.

СЕМЬ РАЗРЯДОВ МАСТЕРСТВА

На любом большом предприятии есть люди, которые знают своё дело, как свои пять пальцев. Они — надёжная опора производства, те, кто обеспечивает его стабильную работу год за годом. На МАЭК одним из таких людей по праву считают Саденова Болатбека Алуадиновича.

Болатбек Алуадинович окончил училище, получив начальное профессиональное образование. Свою трудовую биографию на МАЭК он начал в 2002 году в Ремонтно-механическом цехе №4 Ремонтного завода, придя на должность токаря 3-го разряда. Постоянное повышение квалификации, оттачивание навыков и трудолюбие сделали его мастером своего дела. А в 2004 году он освоил и вторую профессию — стропальщика, что сделало его ещё более универсальным специалистом.

За годы работы он не раз участвовал в выполнении срочных и сложных ремонтов, когда от скорости и

качества действий зависела стабильность целых производственных участков. В таких ситуациях Болатбек аға умело проявлял не только технические знания, но и собранность, умение быстро принимать решения.

В коллективе его ценят за открытость, обязательность и внимательное отношение к людям. Он всегда готов помочь советом и делом, а его спокойная уверенность помогает другим работать надёжно и слаженно.

Труд Болатбека Алуадиновича неоднократно отмечался почётными званиями: в 2017 году он стал «Заслуженным работником комбината», а в 2023-м получил звание «Ветеран труда комбината». Эти награды — признание многолетней честной работы, преданности профессии и родному предприятию. На данный момент наш герой занимает должность токаря 7 разряда Ремонтного завода.

ӨНЕГЕЛІ ЕҢБЕК ЖОЛЫ



Гүлбану Налық – 38 жылдық еңбек өтілінің 26 жылын «МАЭК» ЖШС-не арнаған тәжірибелі маман. Ол Алматы энергетикалық-құрылыс техникумын «Техник-жылу технигі» мамандығы бойынша тәмамдаған. Өзінің еңбек жолын 1999 жылы ЖЭО-2-де турбиналық жабдық бойынша машинист-шолушы қызметінен бастаған Гүлбану жөндеу жұмыстарын да жетік меңгеріп, уақыт өте келе кәсіби шеберлігін де шыңдады. Еңбекке деген адалдығы мен табандылығының арқасында ол қарапайым машинист-шолушыдан бастап, жоғары білікті маман деңгейіне дейін көтерілді. Қазіргі таңда ол ЖЭО-2-де 7-разрядты

бу турбиналарының машинисі қызметін атқаруда.

Сонымен қатар, Гүлбану Тұрғалиқызы – ерлер арасында абыройлы еңбек етіп жүрген санаулы әйел мамандардың бірі. Оның сабырлы мінезі, ұқыптылығы мен төзімділігі, кез келген жағдайда нақты шешім қабылдай алатын кәсібилігі әріптестерінің жоғары бағасына ие. Ол тек өз жұмысына ғана емес, жас мамандарды тәрбиелеуге де үлкен жауапкершілікпен қарайды.

Энергетика – жай мамандық емес, адамдарды жылу мен жарықпен қамтамасыз ететін, үлкен жауапкершілік пен адалдықты талап ететін маңызды сала. Сондықтан да ол жастарға өз ісін сүйе білуді, үнемі білімін жетілдіріп, үйренуден жалықпауды насихаттайды.

Көпжылдық еңбегі мен кәсіби шеберлігі ескеріліп, ол «Комбинаттың еңбек сіңірген қызметкері», «Комбинаттың еңбек ардагері» және «Комбинаттың құрметті еңбек ардагері» атақтарын иеленген мақтаулы маман.

Гүлбану Налықтың еңбек жолы – мамандығына деген сүйіспеншіліктің, үздіксіз ізденіс пен табандылықтың нақты дәлелі. Оның өмір жолы – өскелең ұрпаққа үлгі, ал әріптестері үшін мақтаныш.

МЯГКОСТЬ ХАРАКТЕРА НЕ ПОМЕХА ТВЁРДОМУ ПРОФЕССИОНАЛИЗМУ

Налык Гульбану Турғалиқызы — машинист паровых турбин 7 разряда ТЭЦ-2, человек с почти 38-летним трудовым стажем, из которых более 26 лет она посвятила работе на нашем комбинате.

Родившись в поселке Жетыбай Мангистауской области, Гульбану Турғалиқызы выбрала для себя энергетическую сферу и получила специальность «Техник-теплотехник» в Алматинском энергостроительном техникуме. С 1999 года она начала путь на ТЭЦ-2 в должности машиниста-обходчика по турбинному оборудованию, а впоследствии осваивала и ремонтные специальности. Ее профессионализм и упорство позволили пройти путь до высшей квалификации — машиниста паровых турбин 7 разряда.

Вначале Гульбану апа с сомнением отнеслась к идее интервью, ведь она не любит быть в центре внимания. Несмотря на скромный и мягкий характер, она сумела преодолеть волнение так же, как уверенно преодолевает и рабочие трудности. Её природная сдержанность вовсе не мешает работе в мужском

коллективе — наоборот, коллеги ценят её спокойствие, выдержку и умение действовать четко в любой ситуации. При этом она является единственной женщиной-специалистом в своей смене, что ещё раз подчеркивает её высокую квалификацию и уважение со стороны команды.

За годы работы она была отмечена званиями «Заслуженный работник комбината», «Ветеран труда комбината» и «Почетный ветеран труда комбината».

В своей профессии она ценит то, что труд энергетиков обеспечивает людей теплом и электричеством. Молодым специалистам Гульбану Турғалиқызы советует быть любознательными, развиваться всесторонне и искренне любить свою работу.

Сегодня Гульбану Налык — опора смены и надёжный наставник для молодых работников. Её пример показывает: прочные знания, верность профессии и спокойная требовательность к себе приводят к высоким результатам и служат надёжности энергопредприятия.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЖАСТАР КҮНІ



МАЭК ұжымында ұрпақ сабақтастығы берік қалыптасқан. Мұнда ардагер мамандар жылдар бойы жинаған тәжірибесін жастармен бөлісіп, кәсібіне деген

құрмет пен жауапкершілікке баулиды. Ал жас буын – тың идеялар, жаңа технологиялар мен жаңашыл көзқарастың иесі.

Дәстүр мен жаңашылдықтың осындай үйлесімі кәсіпорынның тұрақты дамуына және аймақты сенімді энергиямен қамтуға негіз болуда.

Кәсіпорында көп жыл еңбек етіп, тәжірибе жинаған мамандар жас әріптестеріне кәсіби машықтармен қатар, өмірлік маңызды құндылықтарды – жауапкершілік, тәртіп пен мамандыққа деген құрметті дарытуды басты парыз санайды. Олар үшін жас маман – тек үйренуші емес, ертеңгі күннің иесі, сенімді әріптес. Ұрпақтар сабақтастығының арқасында кәсіпорын уақыт талабына сай жаңарып, аймақты сенімді әрі үздіксіз энергиямен қамтамасыз ету ісін табысты жалғастыруда.

ЭНЕРГИЯ МОЛОДОСТИ И СИЛА ТРАДИЦИЙ

12 августа во всём мире отмечается Международный день молодежи. Это праздник, призванный подчеркнуть важность молодого поколения в развитии общества, его вклад в будущее и роль в решении современных задач.

На МАЭК опыт и молодость работают бок о бок, создавая уникальное единство знаний и стремлений. Ветераны предприятия передают своим молодым коллегам не только профессиональные навыки, накопленные десятилетиями работы, но и бесценные жизненные уроки – ответственность, дисциплину, уважение к профессии. Молодые специалисты, в свою

очередь, вносят в работу свежий взгляд, смелые идеи и энергию.

Так формируется прочная связь поколений, где традиции сочетаются с новаторством. Именно эта преемственность помогает предприятию двигаться вперёд, отвечая на вызовы времени и сохраняя надёжность энергоснабжения региона. Здесь каждый понимает: только вместе, объединяя прошлое и будущее, можно создать настоящее, в котором энергия работает на благо людей.

Мектепке жол



Биылғы жылы алғаш рет Білім күніне орай комбинат кәсіподағы кәсіпорын әкімшілігімен бірлесіп, балалары мектепке алғаш рет баратын МАЭК-тің барлық

қызметкерлері үшін ерекше сый дайындады.

Кәсіпорында жұмыс істейтін және баласы биыл мектеп табалдырығын алғаш аттайтын әрбір қызметкерге қажетті оқу құралдарымен толтырылған рюкзактар табысталды. Бұл балалар үшін қуанышты сыйлық қана емес, сонымен қатар отбасылық бюджетке айтарлықтай қолдау болды.

Биыл кәсіпорынның 230 қызметкерінің балалары алғаш рет мектеп табалдырығын аттамақ. Ата-аналар мен олардың балапандары үшін бұл көңіл толқытарлық ерекше күн, есте қаларлық маңызды қадам. Өйткені, алда алғашқы қоңырау, оқушылық өмір, жаңа достар, сүйікті ұстаздар, алғашқы дәптерлер мен сабақтар.

Балалардың білім жолы жеңіл, қызықты әрі жемісті болсын! Ата-аналарға балаларының әр жетістігіне қуанып, қолдау білдіріп жүрулерін тілейміз!

ДОРОГА В ШКОЛУ

В этом году, впервые к Дню знаний, профсоюз комбината совместно с администрацией предприятия подготовили приятный сюрприз для всех работников МАЭК, чьи дети впервые пошли в школу.

Каждому родителю будущего первоклассника был вручен яркий рюкзак, наполненный всем необходимым для учёбы. Это не только радостный подарок для детей, но и ощутимая поддержка для семейного бюджета.

В этом году сразу у 230 работников предприятия дети переступили порог школы. Для родителей это особое событие и волнительный момент, ведь впереди - новые открытия, первые тетради и уроки.

Мы поздравляем всех первоклашек с началом школьной жизни и желаем им легкой и увлекательной учебы, а родителям - радоваться каждому успеху своих детей!

СПАРТАКИАДА -2025: ДАРТС ЖӘНЕ ШАХМАТ ТУРНИРИ



14 тамыз күні «МАЭК» ЖШС-де Спартакиада-2025 аясында дартс турнирі өтті. Ең мерген ойыншылар атағы үшін комбинаттың түрлі бөлімшелерінен келген 9 команда бақ сынады. Жеңіске деген жігер, командалық рух және әріптестердің қолдауы алаңда нағыз спорттық атмосфера орнатты.

Жарыстың нәтижесінде Қауіпсіздік департаментінің командасы жеңімпаз атанды, Жөндеу зауыты күміс, ДӨЖӨЖСЖЗ командасы қола жүлделерді иеленді.

Командалар арнайы сыйлықтармен марапатталды. Қауіпсіздік департаменті командасына жеңіс символы саналатын кубок табысталды.

Сондай-ақ, биылғы спартакиада аясында 28-29 тамызда кәсіпорын қызметкерлері арасында шахматтан турнир болып

өтті. Оған алты команда қатысты: АКБ, ЖЭС, ЖЗ, ДӨЖӨЖСЖЗ, ҚҚ және ЖҚСЦ.

Екі күн бойы шахматшылар шаршы тақтада қызу ойын үлгісін көрсетіп, жүлделі орын үшін тартысты күрес жүргізді. Жеңіс жолында ойыншылар әр партияда стратегиялық ойлауға және командада өзара әрекет етуге тырысты.

Турнир қорытындысы бойынша: Қауіпсіздік қызметі командасында 1 орын, ЖҚСЦ командасы екінші орынды жеңіп алды, ал үшінші орын ДӨЖӨЖСЖЗ командасына бұйырды.

Жеңімпаздарға ауыспалы кубок беріліп, барлық жүлдегерлер ақшалай сыйлықтарға ие болды.

Жеңімпаздарға ауыспалы кубок табысталды, ал барлық жүлдегерлер ақшалай сыйлықтарға ие болды.

Екі турнир де МАЭК-2025 спартакиадасының жарқын әрі есте қаларлық оқиғаларының бірі болды. Олар қатысушыларға керемет эмоциялар сыйлап, өте әсерлі өтті. Бұл дода спорттың тек күш пен ептілікті ғана емес, сондай-ақ интеллект, төзімділік пен командалық рухты талап ететінін тағы да бір мәрте дәлелдеді.

СПАРТАКИАДА-2025: ТУРНИРЫ ПО ДАРТСУ И ШАХМАТАМ

14 августа в ТОО «МАЭК» прошёл турнир по дартсу в рамках Спартакиады-2025. Девять команд из разных подразделений боролись за звание самых метких стрелков комбината. Азарт, командный дух и поддержка коллег создали на площадке настоящую спортивную атмосферу.

Победителями стали представители Департамента безопасности, серебро забрал Ремонтный завод, а бронза досталась ЗПДиПТВС. Призёры получили денежные премии, а чемпионы — ещё и кубок, который станет напоминанием о яркой и заслуженной победе.

Также в рамках Спартакиады этого года 28-29 августа состоялся турнир по шахматам среди работников предприятия. В нём приняли участие шесть команд: УАТ, ТЭС, РЗ, ЗПД, СБ и ЦСП.

На протяжении двух дней шахматисты вели напряжённую борьбу за лидерство. Каждая партия требовала от игроков концентрации, стратегического мышления и командного взаимодействия.

По итогам турнира: 1 место у команды СБ, второе место завоевала команда ЦСП, третьими стали ребята из ЗПД и ПТВС.

Победителям был вручён переходящий кубок, а все призёры получили денежные премии.

Оба турнира стали яркими событиями Спартакиады МАЭК –2025, подарили участникам массу эмоций, объединили работников комбината и ещё раз доказали, что спорт — это не только сила и ловкость, но и интеллект, выдержка и командный дух.